

нанесшие огромный ущерб народному хозяйству, в первую очередь явились результатом исключительных перегибов и ошибок. Полностью процесс оседания кочевых и полукочевых хозяйств в Казахстане завершился только к концу второй пятилетки. Эхо казахстанской трагедии отзывалось десятилетиями. Лишь в конце 60-х годов казахский этнос смог восстановить огромные потери, понесенные им в начале 30-х годов.

Список использованной литературы:

1. Коллективизация сельского хозяйства в республиках в Средней Азии и Казахстане: опыт и проблемы. - Алма-Ата: Ғылым. - 1990. - 200 с.
3. Насильственная коллективизация и голод в Казахстане в 1931-1933 гг. Сб. документов и материалов / Вступ. статья и сост. К.С. Алдажуманов и др. - Алматы. Фонд «XXI век». - 1998. - 263 с.;
3. Нәубет. - Алматы. Жалын. - 1990. - 448 б.;
4. Қозыбаев М.Қ., Алдажуманов Қ.С., Әбілхожин Ж.Б. Қазақстандағы күшпен коллективтендіру: қорлық пен зорлық. - Алматы. - 1992. - 36 б.;
5. Омарбеков Т. Зобалаң. – Алматы: Санат. - 1994. - 272 б.;
6. Орынбаева К.Е. Социально-экономическое и культурное развитие Северного Казахстана в период силовой модернизации (20-30-е годы XX века) // Диссертационные материалы., Алматы. 2008.

«ҚАЗАҚ ТІЛІ» ГАЗЕТІНДЕ КӨТЕРІЛГЕН АШАРШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Сайлаубаева Н.Е.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Кеңес үкіметінің Қазақстандағы атқарған алғашқы уақыт қызметінің бірі-коммунистік ілімді насихаттау болды. Осы қызметі атқарудағы баспасөз орындарына ерекше көңіл бөлінді. Осындай мақсатпен Кеңес өкіметі қазақ тіліндегі «Қазақ», «Сарыарқа», «Абай», «Алаш», «Жас азамат», «Бірлік туы» сияқты газеттерді ұлтшыл, байшыл, алашордашыл болды деген қорытынды жасап жұмыстары тоқтатылды.

Кеңес өкіметі ұлт тілінде шығып тұрған газет-журналдарды жабудымен бірге барлық баспахана жабдықтарын толықтай қазақ өлкесін басқару бойынша әскери-революциялық комитетке өткізу жөнінде [1] нұсқау шығарды. Ендігі уақытта жергілікті баспасөз Кеңес өкіметі үшін еңбекшілерді күреске аттандыру жөнінде үгіт пен насихат және ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуге тиіс болды. Міне, осындай мақсатпен губерниялық революциялық комитетінің органы ретінде Семей қаласында «Қазақ тілі» газеті жарық көреді [2, 151 б.].

«Қазақ тілі» газетінің шығуына қатысты деректер көптеп саналады. Мұрағат мәліметі «Қазақ тілі» газетінің 1919 жылдың 4 желтоқсаннан шыға бастағанын айқындап береді [3]. Семей қаласында шығып келген кеңестік алғашқы басылым жөнінде Т.Қожекеев былай деп жазады: «1919 жылы 1 желтоқсан күні большевиктер бастаған жұмысшылар мен гарнизон әскерлері ақгвардияшыларды талқандап, өкіметті Әскери-революциялық комитеттің

колына берді. Қала Колчак бандыларынан тазартылысымен, яғни 4 желтоқсаннан Семей губкомы мен губаткомның органы-«Қазақ тілі» газеті жарыққа келді» [4, 76 б.].

«Қазақ тілі» газетінің іргетасын М.Тұрғанбаев, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, Ш.Тоқжігітов, С.Дөнентаев, Ә.Досов сияқты қоғам қайраткерлері қаласа, ілгеріде олардың қатары І.Молдажанов, Ж.Найманқожаұлы, Ж.Тәттібаев, У.Забириев, Ғ.Искаков, Ділдә Шайх Шарапиев, Т.Өтелиев, М.Бейсенов, И.Тоқтыбаев сынды қаламгерлермен толыға түсті.

Алаш азаматы Мәннан Тұрғанбаевтың қаламынан қазақ халқының басынан өткен 1921 жылғы ашаршылық тыс қалған жоқ. Сол күндердің ауыр зардабына деген жанайқайы «Ашаршылықпен күрес», «Аштарға жәрдем бер, келесі күнінді естен шығарма!» атты мақалаларында көрніс тапса, «Ел мұны шаруасы басылмайды», «Бірыңғай шаруа салығы», «Қазаққа денсаулық керек», «Шаруаны қорғау жүзінде», «Қазақстанды аудандау мәселесі» тағы басқадай көптеген еңбектері ұлттың мүддесі, ұлтты сақтаудың, ұлтты қорғаудың бағыт-бағдарына арналыпты. Мәннан Тұрғанбаевтың сол еңбектері арқылы қазақ қоғамының тыныс-тіршілігіне көз жеткізуге болады.

Мәннан Тұрғанбаевтың шығармашылық талабын танытатын «Ашаршылықпен күресу» мақаласы «Қазақ тілі» газетінің 1921 жылғы 12 қыркүйектегі санында жарияланыпты. Автор ашаршылықты басынан өткерген қазақ қандастарына алдағы күннің міндеті «Губернияның халқы комиссияның жарлықтарын орындауға заң алдында, азабын біздің қазақ халқы жиірек көрген, көріп те тұрады. 1917-18 жылдары Сырдария, Жетісуда болған аштық осы жылғы Ақтөбеде, Қостанай, Орал, Бөкей губернияларында басына келіп отырған. Аштық қазақ елінің есінен қалмайтын үлкен апаттардан саналады. Осы күндегі ашығып отырған қазақ губерниялары да жалпы Россияның аштарға көмек беретін кіндік комиссия есебіне кіріп отыр. Совет үкіметі адам баласын алаламай жалпы қарайды. Тұқымына тартып кетуді ойламайды. Қазақ елі жалпы ағымға, үлкен көліне сүйеніп іс қылмаса, өз беттерімен үлкен жұмысты басқарып жүре береді деуге болмайды. Бұл сөздің шындығын әр орында тәжірибемен сынап біліп жүрміз. Ендігі ашаршылықтан аман қалған тұрған қазақтың міндеті-аямай жәрдемдерін беру, азаматтары комиссияның қызметіне кіріп, аштан қырылып жатқан бауырларына көмектерін көрсету» [5]- дейді.

«Қазақ тілінде» 5 наурыз 1920 жыл-19 қараша 1920 жыл аралығында Жүсіпбек Аймауытов редакторлық міндетті атқарды. Оған «Қазақ тілі» газетінің редакторы ретінде Семей губерниялық революциялық комитетінің басқару бөліміне 1920 жылдың 5 наурызында ол туралы жолданған қатынас хат айқын дәлел болады [6].

Жүсіпбек Аймауытовтың елде орын алған ашаршылық тақырыбын қозғаған «Зорлық қайтсе тылады», «Ашаршылықтан құтқару», «Бірыңғай шаруа салығы» деген мақалалары бар. Жүсіпбек Аймауытовтың мақалаларында 20-жылдардың ең көкейкесті мәселелерін көтере білген. Қазақстанда жаңа экономикалық саясатқа көшу зор қиыншылықтарға ұшырады. 1921 жылдың жазында республиканың едәуір бөлігін қуаңшылық жайлады. Оның алдында қатты жұт болып, ол кей жерлерде малдың басым бөлігінің қырылуына әкеп

соққан еді. Республика халқы ашаршылыққа ұшырады. Азамат соғысы және 1921 жылы егіннің шықпауы туғызған қайыршылық пен аштыққа ұшыраған халыққа көмек көрсету шараларына үн қосқан қаламгердің мақалалары басылымда шықты. Бұл жөнінде Мәмбет Қойгелдиев «20-шы жылдардың басында Қазақстанда экономикалық жағдай тым ауыр болатын. Бұл арада үлкен адам шығыны мен арты ашаршылыққа ұласқан. 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілісті, қазақ қоғамын адам және мал шығынына ұшыратқан. Азамат соғысы айтпай өту мүмкін емес. Осы азапты оқиғалардың артын ла келген 1921-1922 жылдардағы ашаршылық қоғамды біржола тұралатып кеткен еді» [7, 9 б.]

Жүсіпбек Аймауытовтың «Қазақ тілі» газетінің 1922 жылғы 9 наурыз күнгі санында «Ашаршылықтан құтқару лажы» мақаласы жарияланады. Онда «Өткен жаз Семейдің губерниялық кеңестер сиезі аштарға жәрдем беру масаласын қарап, жірдемді елге салық есебінде салуға, яғни қазақ бір қойдан бір қой екіншілерден бір пұт астықтан бір қадақ алуға қаулы қылған. Мұжықтан қандай астық алғаны туралы менің артық хабарым жоқ. Қазақтан мал қалай жиналғаны туралы хабарымыз бар. Аласапыран заманда лай судан балық аулауға тұрғандар атқан мінетіні белгілі. Аштарға жәрдем жасауға елдегі соғылған жемқорлар, мал табу үшін партияға жазылып ұры-қара ел коммунистері, исполкомдары атқа мінген. Бір есе жиналатын салықты екі, үш есе қылып жинап, қазнаға ұлымтиеген ұсынған жобасы бір, жазған уақыттарыда жақын. Олай емес ол екеуі ау десек түгілі қатыснасқанда жоқ. Бірі Қызылжарда, бірі Семейде отырсада екеуіне бұл шараны айтқызып отырған елдің апаттың күштілігі. Олардың жобасы елді ел қылу үшін қырғынан құтқару үшін азамат тегіс атқа міну керек. хукімет азаматқа рұқсат берсін. Елге сенеді, беделді кісілер жүріп жинасын деген. Ашыққан ел жаздай келесі қыстай тағы қырылғаны тұрмайды. Уақыт кеш деп ойлап керек емес. Хукімет басындағы азаматтар ел қамын ойлайтын болса «Қазақ тілімен», «Бостандық туында» ұсынған жобаларды қабыл алуы керек. Бұл жобадан қауіптенерелік орын жоқ. Кейбір шолақ ойлы жігіттер ойлар: сенеді, беделді кісі дегенде партиясыздарды айтқан деп. Олай емес. Сенеді, беделді кісі партиядағыларда, партиясыздарда бар. Мендешов, Мырзағалиев сықылды хукімет басындағы азаматтар атқа мінсе, қай қазақ сенбейді. Партиясыздардан сектенсе, сенімді кісіден қарауыл қойсын. Әйтпесе, бұл жоба-жоба. Мен өз тұсымнан батылданып айта аламын. хукімет бұл жобаны қабыл алып, азаматтарға «Атқа мін!» десе, Семей губерниясында атқа мінбей қалатын азамат кім табылар: бәрімізде бұл жолға аянбаспыз, кірісерміз» [8] деп ел басына күн туғанда, халқы үшін күресушілердің алдыңғы қатарында болды. Автор мақалада адамның қоғамдық-әлеуметтік ортамен байланысын әркімнің өз ортасында қоғамға пайдалы іс істеуге тиістігін көтерді. Мақала ел ішіндегі мәселелерді ойлы көзбен шола білуімен бағалы. «Қазақ тілі» газетінің редколлегия мүшесі, басылымның белді авторы Жүсіпбек Аймауытовтың қоғамдық-саяси, тұрмыстық-әлеуметтік, жайынан жазылған мақалалары сол кездегі қазақ өмірінің тыныс-тіршілігінен мол мағлұмат береді.

«Қазақ тілі» газетінің редакторы, белді авторы Шәймерден Тоқжігітовтың басылымда түрлі тақырыпты қозғаған көптеген мақалалары бар. Газетте тек қана 1923 жылы Шәймерден Тоқжігітовтың 60-қа тарта мақаласы

жарияланыпты. Солардың ішінде ашаршылық тақырыбын көтерген «Қазақ кедейлеріне керекті жиылыс», «Ашаршылықты жоғалту туралы» мақалаларын атауға болады.

«Қазақ тілі» газеті қоғамдық ой-сананың қалыптасуына ықпал етіп, қалың бұқараны ортақ іске жұмылдыра білді. «Қазақ тілі» газетінің бетінде денсаулық сақтау, тіл мәселесі, оқу-ағарту ісі, әйел мәселесі сынды өзекті мәселелерді көтерген М.Тұрғанбаев, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, Ш.Тоқжігітов, С.Дөнентаев, І.Молдажанов, Ж.Тәттібаев және тағы басқа ұлт зиялыларының мақалалары жиі жарық көріп тұрды. Ресей империясының отаршылдық саясаты салдарынан түмшаланған халқымыздың санасын оятып, серпін беруде «Қазақ тілі» газетінің өзіндік рөлі болды.

Қазақ баспасөзінің тарихында жеке тұлғалардың қажыр-қайратымен жарық көрген басылымдар жоқ емес, солардың қатарында М.Тұрғанбаев, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, С.Садуақасов, Ш.Тоқжігітов, Н.Нұрмақов, Ә.Досов, И.Тоқтыбаев, М.Дулатов және т.б. ұлт зиялыларының белсенділік танытуымен шығып тұрған «Қазақ тілі» газетін атауға болады.

«Қазақ тілі» газеті Кеңес Одағына жеке дара билігін жүргізген И.Сталиннің қаһарына ұшырайды. Сталин ұлтшылдық бағытта деп бағалаған газеттің жұмысын жолға қою үшін партиялық басшылықтың алдына мынадай нақты нұсқау береді: «Мен партияда жоқ интеллигенттердің қырғыз жастарына саяси және идеологиялық тәрбие берумен айналысуларына қарсымын. Біз өкіметті жастар тәрбиесін партияда жоқ буржуазиялық интеллигенттерге тапсыру үшін алғанымыз жоқ. Бұл майдан түгелімен коммунистерге қалдырылуы керек» [9]. Осы мазмұндағы нұсқауды іліп алған партиялық басшылық республикадағы баспасөз құралдарына қатаң бақылау орнатуға кірісті.

Қазақстанда шығатын қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар ай сайын сауалнама толтырып отырған. Сондай-ақ олардың мазмұны жіті тексеріліп тұрды. Бұған мұрағат қорынан алынған құжатта «Қазақ тили» почти не интересуется партийной жизнью на местах и в Центре, ни одним словом не упоминается во время 3 месяцев о партийной конференций своей губерний, не говоря уже о других» [10],-деп жазылған. Бұл мерзімді басылымдарға партия тарапынан бақылаудың қатаң болғандығын көрсетеді.

1919 жылдың 4 желтоқсанынан Семейде шығып келген «Қазақ тілі» газетінің атауы 1928 жылы өзгереді. Бұл жөнінде мұрағат қорынан алынған құжатта Семей губерниялық атқару комиетінің үгіт-насихат бөлімінің 1928 жылғы 8 наурыздағы жиылысында газет атын өзгерту туралы қаулы қабылданады. Осы қаулыға негізінде 1928 жылдың наурызында «Қазақ тілі» газетінің атауы «Жаңа ауыл» болып аталады [11].

«Қазақ» газетінің дәстүрін жалғастырған «Ақ жол» газетінің ұлтшылдық бағытын айыптап, өзінің алашордашылармен жүргізген саяси күресінде дәлел ретінде пайдаланған Әліби Жангелдин болды. Осы мәселеге катысты Д. Аманжолова «Для таких же верных ленинцев-сталинцев и давних врагов Алаш, как А. Джангильдин, сам факт участие в демократической национальной печати неболыневистского направления служил верным

доказательством контрреволюционности, о чем он доносил В.И. Ленину в апреле 1921 г., касаясь биографии Н.Тюрекулова и С. Ходжанова - руководителей Советского Туркестана» [12, с. 96)] - деп жазады. Бұл дәйек Түркістан өлкесіндегі саяси оқиғаларға арналғандай болғанымен оның салқыны 1919-1928 жылдары Семей қаласында шығып келген «Қазақ тілі» газетіне де тікелей катысты еді.

«Қазақ тілі» газеті атауының өзгеруі 1928 жылғы Алаш қайраткерлерінің алғашқы тобының «халық жауы» атанған кезімен тұспа-тұс келеді. Дәл осы уақытта «Қазақ тілі» газетінің де аты жойылып, «Жаңа ауыл» болып өзгереді. Осылайша, Семейде 1919 жылдың 4 желтоқсанынан 1928 ж. наурызына дейін Ахмет Байтұрсыновтың арап ғарпімен шығып келген «Қазақ тілі» газеті, енді «Жаңа ауыл» деген атаумен латын қарпімен шыққан болатын. Мәселен, Мұқсын Қордабаев «...Окружкомның бір бюросында өлкелік партия комитетінің секретары Голощекин қатысып, «қалада тек орысша газет қана қалдырылсын, қазақша газет ауданға берілсін» деген шешім қабылданыпты. Сол шешім бойынша «Жаңа ауыл» Аякөзге көшіріліп, оған мен редактор болып тағайындалдым»-дейді [13].

Міне, 1928 жылы М.Тұрғанбаев, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, Ш.Тоқжігітов, С.Дөнентаев және т.б. ұлт зиялылары шығарып келген кеңестік Қазақстандағы алғашқы ұлттық басылым «Қазақ тілі» газеті де саяси айыпталып, сталиндік қуғын-сүргінге ұшыраған болатын.

Қазақ қоғамының даму үрдістерін танып білуде «Қазақ тілі» газеті дерек көзі ретінде мол мәліметтер береді. «Қазақ тілі» газетінің тарихын тану болашақ ұрпақ үшін сол кезеңдегі халқымыздың қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және әдеби-мәдени өмірімен танысуына жол ашады.

«Қазақ тілі» газеті халқының мұң-мұқтажын жоқтаған, осы жолда қазақ азаматтарының басын біріктірген басылым. Жалпы баспасөздің қызметі оның ұлттық мүддеге негізделген қызметімен өлшенетіні белгілі. Бүгінде халық көкейіндегі мәселелердің үгітшісі әрі бұқараны ұйымдастырушы бола білген басылымның тарихына көз жіберсек, ол қазан төңкерісінен кейінгі Ертіс өңіріндегі аласапыран кезеңде шығып, өз жұмысын жалғастырды. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, бұл аймақта өз саясатын орнықтырып, насихаттау мақсатында газеттер ашқан болатын. «Қазақ тілі» газеті кеңестік қазақ баспасөзінің алғашқы жаршысы болғанымен, негізінен қазақ халықның көздеген ұлттық мақсат-мүдденің насихатшысы ролін атқарды. «Қазақ тілі» газеті қазақ халқының қоғамдық-саяси, әдеби-мәдени, әлеуметтік-экономикалық өмірінің мәселелерін көтеруге едәуір үлес қосты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚРОМА.14-қор. 1-тізбе. 20-іс. 31-п.
2. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары (1860-1930 жылдар). – Алматы, 1964. – 151 б.
3. ҚРПМ. 139-қор. 1-тізбе. 1103-іс. 34 п.
4. Қожакеев Т. Жыл құстары. – Алматы: Қазақстан, 1991. - 76 б.
5. Мәннан Тұрғанбаев. Ашаршылықпен күресу. //Қазақ тілі.–1921, қыркүйек.- №140.

6. 103 ШҚО. ҚЗ ТҚО. 72-қор, 2-тізбе, 1-іс, 4 п.
7. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағлымы не дейді? - Алматы: Ана тілі, 1993.-9 б.
8. Аймауытов Жүсіпбек. Ашаршылықтан құтқару лажы // Қазақ тілі. 1922, сәуір – 9. - №19.
9. Ақиқат. 1993. №1.-89-92 бб., Б.91.
10. ҚРПМ. 139-қор, 1-тізбе, 459-іс, 63 п.
11. ҚРПМ. 141-қор, 1-тізбе, 1856-іс, 17-18 п.
12. Аманжолова Д.А. На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана.- Алматы: Издательский дом «Таймс», 2009. -С. 96.
13. Қордабаев М. Бірінші номер осылай шықты. Естелік қолжазба. 2 п.

К ВОПРОСУ О ПОМОЩИ ГОЛОДАЮЩИМ КУСТАНАЙСКОЙ ГУБЕРНИИ ИНОСТРАННЫМИ ОРГАНИЗАЦИЯМИ В 1921-1923 ГГ.

Самаркин С.В.

кандидат исторических наук,

Костанайский государственный педагогический институт, г. Костанай

В 1921-1923 годах в Кустанайской губернии начался массовый голод, ставший следствием официальной политики продразвёрстки и неурожаев. Статистические данные о его размерах страшны и весьма противоречивы. Мы лишь можем рассуждать о масштабе трагедии. Согласно официальной статистике от голода погибло 9% жителей Кустанайской губернии – более 80 тысяч человек, а число пострадавших исчислялось двумя третями всего населения.

30 августа 1921 года для борьбы с голодом в Кустанае была создана Кустанайская губернская чрезвычайная комиссия помощи голодающим — Губпомгол, координировавшая деятельность всех органов в этом вопросе. Выправить ситуацию Помгол оказался не в состоянии, констатируя ужасающие факты голода: неурожай и падеж скота, а на этом фоне массовую смертность, трупоедство и канибализм. Зима 1921-1922 годов выдалась суровой и холодной, что еще более усугубило трагическое положение населения. Согласно статистическим показателям в ноябре 1921 года по губернии число голодающих составило 192.340 человек, на 15 декабря 1921 года - 237.494 человека, на 15 января 1922 года - 283.746 человек, на 1 марта 1922 года - 354.350 человек. «Смертность увеличивается, – сообщается в протоколе кустанайского губернского съезда Помгола, проведённого в марте 1922 года, - Были случаи покушения на убийство детей, чтобы употребить их в пищу. Население настолько обессилело, что не в состоянии хоронить умерших в мёрзлую землю. Есть поселки, где насчитывается до 60 непогребённых трупов... Если случаи людоедства пока были исключением, то теперь постепенно усиливаются и в недалёком будущем войдут в систему. Настроение у населения самое отчаянное. Вследствие сильных холодов в последней трети апреля с сильным ветром и дождем, наступила гололедица.